

«Вал-Ауым2» бөбекжай-бақшасының 2024 – 2025 оқу жылының

№3 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

10 ақпан 2025ж

Тақырыбы: «Бөбекжай-бақшасы мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық»

1. «Жас ата-аналар» мектебі аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Амангелденева.Б
2. «Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» іс-тәжірибе. Тәрбиеші: Айтбай.А
3. «Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Тоқшылықова.М
4. «Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Амангелдева.Б

№2 педагогикалық кеңесте
қабылданған шешімдерінің орындалуы

Тыңдалды: №2 педагогикалық кеңесте барлық топты «Таным» білім беру саласы бойынша оқу қызметтері қойылды. Барлық топ жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асырып smart мақсат қойып тамаша оқу қызметтерін жүзеге асырды. Кіші топ тәрбиешісі Қосай Нәзік «Ойнап жүйрік ойлайық» тақырыбында оқу қызметін жүргізді. Кейіпкер келіп Сайқымазақ кіші топтағы балаларды пішіндер әлеміне саяхат жасатып, 1ден 5ке дейінгі сандардың сиқыры тақырыбында орта топ Балапан тобында оқу қызмет ұйымдастырылды. Тәрбиеші тапсырмалар қою арқылы тақырыпты аша алды. Балалар өте жақсы белсенділік танытты. Қалған топтарымызда оқу қызметтері қызықты нәтижелі ұйымдастырылды.

ШЕШІМ: №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін.

Тыңдалды: Әдіскер: Тыңдалды: 2024 – 2025 оқу жылының алғашқы жарты жылдығын қорытындыласақ. Алғашқы жарты жылдықта «Таным» білім беру саласы жүзеге асырылды. Оқу жылының алғашқы педагогикалық кеңесінде педагогтармен сиқырлы сандар әлемі, «Интеллектум сырлары» тақырыбында эстафеталар ұйымдастырылып кеңінен түсіндірілді. Әр жас ерекшелігіне тоқталып анықтама берілді. 5жас МАД топтарының білім деңгейлерін анықтап қызықты эстафеталар жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылды. Педагогтарымызбен ханымдар эстафетасы ұйымдастырылды(толығырақ баяндамада)

Сөйледі: (тәрбиеші) Эстафеталық ойын көңілді болды, қызықтыра отырып «Таным» білім беру саласын аша алды. Педагогтар арасында жақсы-қарым қатынас құруға жақсы ықпалын тигізді

Тыңдалды: Медбике:

Сауат ашу мұғалімі МАД +5- Балалардың қорытындысын толық түсіндірді. Өтілген тақырыптарға жеке-жеке тоқталды. Балалардың тақырыптарды меңгере алмау себептерін

айтты. Ол – баланың балабақшаға жаңадан келуі, ұзақтығы, балабақшаға жиі келмеуі болды. Сонымен қатар жеке түзету жұмыстарының да жүргізіліп жатқанын айтты.

Барлық мамандардың қорытындысы – барлық материалдар слайд түрінде тапсырылды :
Жауапты Өдіскер

Тыңдалды:

Өдіскер Құрметті әріптестер сіздерге тамаша ұсынысым бар. Сіздеріңіз білетіндей балабақшамыз әр ай сайын қысқа мерзімді жобалар іске асыруда. Өткен Тәуелсіздігімізге орай балаларға Мен Қазақстанның бір бөлшегімін жобасын ұйымдастырсақ. Еліміздегі кішкентай патриоттарды өз бақшамыздан тәрбиелеуді бастасақ. Өз елінің дамуына атсалысатын білікті мамандар азаматтар тәрбиелеуді бастасақ.

ШЕШІМ: Балабақшамызда осы айда « Мен Қазақстанның бір бөлшегімін, Мен кішкентай Инженермін » жобалары жүзеге асырылсын. Мерзімі 2025 жылдың қаңтар айы.

Жауапты :Өдіскер

Төрайым:

Хатшы: